✓ **Авторлық диагностикалық тестілер** – web-программалау және аралас оқыту элементтерін меңгеру бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды бағалау;

✓ **Мотивация және өзін-өзі реттеу шкалалары** (AMS, SRQ адаптацияланған нұсқалары) – студенттердің оқу мотивациясы мен өзіндік оқуын басқару деңгейін анықтау;

✓ **Авторлық сауалнама** – аралас оқыту тәжірибесіне, оқу платформаларын пайдалану жиілігіне, blended learning-ке деген көзқарасқа және кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына қатысты 13 сұрақтан тұратын ашық және жабық сұрақтар;

✓ **Жартылай құрылымдық сұхбаттар** – студенттер мен оқытушылардың аралас оқыту бойынша субъективті тәжірибесін, қиындықтары мен артықшылықтарын терең зерделеу;

✓ Оқу жетістіктері мен оқу-танымдық іс-әрекет өнімдерін талдау – курстық және жобалық жұмыстар, зертханалық және практикалық тапсырмалар, электрондық портфолио материалдары.

Қатысу толықтай ерікті және анонимді сипатта болды, барлық респонденттерден деректерді жинаудың алдында ақпараттандырылған келісім алынды.

Деректерді өңдеу және талдау. Сандық деректер IBM SPSS Statistics 26.0 бағдарламасы көмегімен өңделді. Сипаттамалық статистика (орта мән, стандарттық ауытқу, пайыздық үлестер), тәуелсіз тандаулар үшін Стьюденттің t-тесті, бір факторлы ANOVA және ковариациялық талдау ANCOVA, сондай-ақ Пирсонның корреляциялық талдауы қолданылды. Бұл эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды көрсеткіштерін салыстыруға және аралас оқыту модельдерінің кәсіби құзыреттілікке әсерін бағалауға мүмкіндік берді.

Сапалық деректер тақырыптық талдау (thematic analysis) әдісімен өңделді: сұхбат және ашық сұрақтарға берілген жауаптар NVivo бағдарламасы және қолмен кодтау арқылы категорияларға бөлініп, негізгі тақырыптар мен үлгілер

айқындалды. Сандық және сапалық нәтижелерді біріктіру аралас оқыту модельдерін қолданудың педагогикалық шарттарын кешенді түрде негіздеуге мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу. Білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертіп отыр. Құзыретті мұғалімнен тек пәндік және әдістемелік білім ғана емес, сонымен қатар жаңа жағдайларға бейімделу, инновациялық технологияларды меңгеру, педагогикалық жағдаяттарда тиімді шешім қабылдау қабілеті талап етіледі. Бұл пікір көптеген зерттеулерде қолдау тапқанымен, кәсіби құзыреттілік ұғымының мәні, құрылымы және оны қалыптастыру тетіктері жөнінде біркелкі тұжырым әлі де қалыптаспаған.

Құзыреттілік терминін ғылыми айналымға алғаш енгізген Н. Хомский оны белгілі бір қызметті жүзеге асыруға қажетті қабілеттер жиынтығы ретінде қарастырған (Хомский, 1972). Бұл анықтама құзыреттіліктің танымдық (когнитивтік) аспектілерін алдыңғы орынға қояды. Ал Н. Кузьмина кәсіби құзырлылықты мұғалімнің білімділігі мен педагогикалық ықпал ету қабілеті арқылы түсіндіріп, оның тұлғалық-психологиялық қырын баса көрсетеді (Кузьмина, 2004). Бұл екі тұжырымдама бір-бірін толықтырғанымен, бірі құзыреттілікті танымдық деңгейде, екіншісі – тұлғалық деңгейде түсіндіреді. Алайда олардың екеуі де кәсіби әрекет контекстіндегі құзыреттіліктің динамикалық сипатын толық ашпайды.

Құдайбергенова К.С. құзыреттілікті «білу – істей алу – мақсатқа жету» үштігі арқылы сипаттайды (Құдайбергенова, 2008). Бұл құрылым практикалық дағдының рөлін күшейткенімен, мұғалім қызметіндегі коммуникативтік, цифрлық, рефлексивтік компоненттерді ескеру жағынан тар ауқымда қалып отыр. Демек, қазіргі жағдайға сай кешенді, көпқырлы модель қажет.

Тұрғынбаева мен Таубаева еңбектерінде құзыреттілік білім мен тәжірибені нақты жағдаятта қолдану қабілеті ретінде қарастырылып, педагог әрекетінің нәтижелілігі негізгі өлшем ретінде ұсынылады (Таубаева, 2013; Тұрғынбаева, 2005). Алайда бұл еңбектерде цифрлық орта жағдайында құзыреттіліктің қалай өзгеретіні толық қарастырылмаған.

Зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті әртүрлі аспектілер арқылы жіктейді. Мысалы, Г. Әбілқасымова ақпараттық, коммуникативтік, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттіліктерді бөліп көрсетеді (Әбілқасымова, 2014). Бұл жіктеу бүгінгі педагогқа қажетті негізгі компоненттерді қамтығанымен, цифрлық ортада мұғалімнің білім беру процесін жобалау, онлайн ресурстарды интеграциялау, дербес оқыту траекторияларын құру сияқты жаңа дағдыларын нақтыламайды.

Кадирбаева Р.И. жетекшілігіндегі зерттеуде болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті педагогикалық шарттар ұсынылады (Кадирбаева, 2020). Бұл шарттар тұлғаның дамуына бағытталғанымен, олардың көбі дәстүрлі оқыту контекстінде қарастырылған. Яғни, аралас оқытудағы педагогикалық шарттар ерекше әрі күрделірек болуы қажет.

Халықаралық зерттеулер аралас оқыту технологиясының оқыту сапасына оң ықпалын атап өтеді (C.R. Graham, J. Bersin, I. Mijares, A.G. Samuel, т.б.). Зерттеушілердің көпшілігі аралас оқытудың келесі артықшылықтарын көрсетеді:

- оқытудағы икемділік (So, 2008);
- білім алушылардың оқу мотивациясының артуы (Ustunel, 2018).
- мұғалім мен білім алушы арасындағы тиімді интеракция (Bailey et al., 2015).

Y. Zhang еңбегінде аралас оқыту режимдерінің түрлері білім алушылардың әртүрлі оқу талаптарын қанағаттандыра алатынын айтады (Zhang, 2022).

Аралас оқыту білім алушылардың білім деңгейі мен қызығушылықтарына сәйкес онлайн ресурстар мен ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді (Guillén-Gámez F. D., 2020).

M.A. Ashraf өзінің зерттеуінде аралас оқытудың көптеген артықшылықтарын дәлелдейді (Ashraf, 2021).

Алайда аталған еңбектердің көпшілігінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптары, аралас оқытуды енгізудің нақты педагогикалық шарттары терең зерттелмеген. Көп зерттеу оқыту нәтижелеріне бағытталғанымен, мұғалімнің даярлығы, әдістемелік сүйемелдеу, цифрлық инфрақұрылымның жеткіліктілігі сияқты факторлар жан-жақты қарастырылмайды.

Осыдан шығатын қорытынды – құзыреттілік ұғымы көпқырлы, авторлар көзқарастары арасында біраз айырмашылықтар бар, қазіргі цифрлық дәуір талап етіп отырған жаңа компоненттер (цифрлық сауаттылық, онлайн коммуникация, деректерді басқару дағдылары) классикалық модельдерге тікелей енбеген.

Біздің зерттеу осы олқылықты аралас оқыту жағдайында қалыптасатын құзыреттіліктерді кешенді қарастыру арқылы толтыруды көздейді.

Біздің зерттеу осы олқылықтарды ескере отырып:

➤ аралас оқыту жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру факторларын;

➤ аралас оқытуды енгізудің нақты педагогикалық шарттарын;

➤ ЖОО контекстіндегі тәжірибелік негізделген моделін анықтауға бағытталды.

Біздің зерттеуіміз бойынша, білім беруде аралас оқыту тәсілдерін қолдану нәтижесінде білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысатынын байқадық. Ұсынып отырған аралас оқытудың төңкерілген сынып және бекет ротациясы модельдерін интеграциялап сабақта қолдану арқылы білім беру сапасын жақсартуға болады. Себебі төңкерілген сынып моделі білім алушыларға сабақтан тыс уақытта, үйде пікірталастарға қатысуға, теориялық зерттеулер жүргізуге және практикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Бұл оқушыға өз бетінше жұмыс істеуге, сыни тұрғыдан ойлауға және тақырыпты толық меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әр станцияда

тапсырмаларды орындау және әртүрлі стильдер мен оқыту әдістеріне бейімделу арқылы станцияларды айналдыру моделі оқу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді (Балганова, 2025).

Зерттеу барысында байқағанымыз, аралас оқыту білім берудің қарапайым моделін бұзып, жаңа мүмкіндіктерді: арнайы оқыту мүмкіндігі, құзыреттілікке негізделген оқыту мүмкіндігі, кез келген уақытта, кез келген жерде оқу мүмкіндігін ұсынады (Балганова, 2024).

Жүргізілген әдеби шолу көрсеткендей:

✓ құзыреттіліктің бірыңғай теориялық моделі жоқ, бұл оның педагогикалық интерпретациясына әртүрлілік әкеледі.

✓ аралас оқыту туралы еңбектер көп болғанымен, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне әсері жеткілікті зерттелмеген.

✓ отандық еңбектер көбіне құзыреттілікті сипаттамалық деңгейде қарастырады, бірақ аралас оқыту технологиясында қалыптасу механизмін көрсетпейді.

✓ эмпирикалық зерттеулер жетіспейді, әсіресе болашақ информатика мұғалімдері контексінде.

Осыдан барып біздің зерттеудің ғылыми қажеттілігі мен өзектілігі айқындалады: аралас оқыту жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негізделген педагогикалық шарттарын анықтау – қазіргі педагогикалық ғылымда толық шешімін таппаған мәселе.

Нәтижелер. 1. Бастапқы диагностиканың нәтижелері. Зерттеуге жалпы 192 студент (117 қыз, 75 ұл) және 25 оқытушы қатысты. Студенттердің барлығы 3–4 курс тыңдаушылары, информатика, математика–информатика және физика–информатика мұғалімдерін даярлау бағыттарында оқиды. Бастапқы диагностикалық тестілеу мен мотивациялық сауалнама нәтижелері бақылау (B) және эксперименттік (A) топтардың теориялық білім, практикалық дағдылар, оқу мотивациясы мен өзін-өзі реттеу деңгейлері бойынша айырмашылықтарының статистикалық тұрғыдан мәнді емес екенін көрсетті ($p > 0,05$). Бұл екі топтың бастапқы дайындық деңгейінің салыстырмалы екенін және кейінгі өзгерістерді аралас оқыту моделінің әсерімен түсіндіруге мүмкіндік беретінін айқындайды.

2. Аралас оқытуды енгізу нәтижелері. Семестр соңында жүргізілген қорытынды тестілеу эксперименттік топ студенттерінің web-программалау, JavaScript, электрондық оқыту және интернетте программалау бойынша білім нәтижелері мен практикалық дағдыларының айтарлықтай артқанын көрсетті. Эксперименттік топта:


- теориялық тестілер бойынша дұрыс жауаптардың орташа үлесі бақылау тобына қарағанда едәуір жоғары болды;

- программалық код жазу, web-бет құрастыру, онлайн-платформаларда тапсырмаларды орындау сияқты практикалық дағдылар бойынша да эксперименттік топтың көрсеткіштері анағұрлым жоғары болды;

- кәсіби құзыреттіліктің ақпараттық, әдістемелік-ұйымдастырушылық және рефлексивтік компоненттері бойынша жинақталған балдар өсімі бақылау тобына қарағанда жоғары тіркелді.

Статистикалық талдау (t-тест, ANOVA, ANCOVA) аралас оқыту моделін (төңкерілген сынып пен бекет ротациясының интеграциясы) қолдану эксперименттік топ студенттерінің оқу жетістіктеріне оң ықпал еткенін және бірқатар көрсеткіштер бойынша айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді екенін ($p < 0,05$) растады.

3. Сауалнама нәтижелері. Аралас оқытуға қатысты қатысушылардың көзқарасын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижелері 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Аралас оқыту бойынша сауалнама нәтижесі (ағыл.нұсқасы)

Респонденттердің 81,6 %-ы педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында оқитынын көрсетті, бұл алынған қорытындылардың болашақ мұғалімдерге тән ерекшеліктерін сипаттайды.

Студенттердің көпшілігі blended learning ұғымымен таныс: 75,9 % «аралас оқытуды білемін» деп жауап берді.

Интернет пен цифрлық технологияларды меңгеру деңгейін 72 % «өте жақсы» деп бағаласа, оқу платформаларын пайдалану деңгейін 76,3 % «жақсы» деп көрсетті.

Аралас оқытудың құрылымдық элементтері бойынша студенттердің 71,1 %-ы blended learning-тің онлайн бөлігіне ерекше қызығушылық білдірді, ал 62,6 % аралас форматта оқуды «ыңғайлы» деп бағалады.

86,8 % респондент онлайн сабақ материалдарын бірнеше рет қайта қарау мүмкіндігі оқу материалын тереңірек түсінуге көмектесетінін атап өтті.

Аралас оқыту арқылы білім сапасын жақсартуға болады деген пікірді 80,7 % қолдады, ал 71,1 % бұл модель мұғалім мен студент арасындағы өзара әрекеттесуді арттыратынын көрсетті.

Респонденттердің 65,5 %-ы аралас оқыту әдістерін қолдану болашақ маманның кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді деп санайды.

Дегенмен, тек 50,2 % студент қазірдің өзінде оқу платформаларын жүйелі түрде қолданатынын, ал 48,9 % ғана аралас оқыту технологиясы түрлі ком-

пьютерлік бағдарламаларды тиімді пайдалануға толық мүмкіндік береді деп есептейтінін көрсетті. Бұл көрсеткіштер цифрлық құралдарды мақсатты түрде меңгерту және әдістемелік қолдау қажеттілігін айқындайды.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері студенттердің аралас оқытуға оң көзқараста екенін, оның икемділігі мен жеке оқу траекториясын құру мүмкіндігін жоғары бағалайтынын дәлелдейді.

4. *Сапалық деректер бойынша нәтижелер.* Жартылай құрылымдық сұхбаттар мен ашық сұрақтары бар сауалнама жауаптарын тақырыптық талдау келесі негізгі бағыттарды айқындады:

✓ **Оқу мотивациясының артуы:** студенттер алдын ала видео-дәрістермен, онлайн материалдармен танысып келу аудиториялық сабақтардағы жұмыс қарқынын арттыратынын, өзінің әлсіз тұстарын жақсырақ түсінуге көмектесетінін атап өтті.

✓ **Өзіндік оқу дағдыларының дамуы:** аралас оқыту форматы уақытты жоспарлау, тапсырмаларды өз бетінше орындау, қосымша ақпарат көздерін табу сияқты өзін-өзі реттеу дағдыларын талап етеді және соны дамытуға ықпал етеді деп бағаланды.

✓ **Кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы:** студенттер web-қосымшалар әзірлеу, онлайн-курстарды жобалау, цифрлық білім беру ресурстарын таңдау және қолдану сияқты практикалық әрекеттер болашақ мұғалім ретінде кәсіби сенімін арттырғанын айтты.

✓ **Қиындықтар мен шектеулер:** кейбір респонденттер интернеттің тұрақсыздығын, техникалық құралдардың жеткіліксіздігін, онлайн-платформалар интерфейсінің күрделілігін және жеке уақытты басқарудағы қиындықтарды атап өтті. Бұл факторлар аралас оқыту моделін табысты іске асыру үшін техникалық инфрақұрылымды нығайту мен әдістемелік сүйемелдеуді күшейту қажеттігін көрсетеді.

5. *Педагогикалық шарттардың эмпирикалық негізделуі.* Жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижесінде болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда аралас оқыту модельдерін тиімді қолдану келесі педагогикалық шарттар орындалған жағдайда жоғары нәтиже беретінін көрсетті:

- аралас оқытуды жүзеге асыратын пәндер үшін мақсатты түрде жобаланған цифрлық білім беру ортасын («Blended EDU» платформасы, LMS, авторлық электрондық курстар) құру;

- төңкерілген сынып пен бекет ротациясы үлгілерін оқу мақсаттарына сәйкес интеграциялау, аудиториялық және онлайн әрекеттердің өзара толықтырылуын қамтамасыз ету;

- студенттердің ақпараттық және әдістемелік құзыреттіліктерін дамытатын практикалық, жобалық және зертханалық тапсырмалар жүйесін қалыптастыру;

- оқытушылардың аралас оқыту технологиялары бойынша әдістемелік дайындығын арттыру, консультация және кері байланыс жүйесін ұйымдастыру;

- студенттердің оқу мотивациясы мен өзін-өзі реттеу дағдыларын қолдай-

тын рефлексия, формативті бағалау және дер кезінде кері байланыс беру механизмдерін енгізу;

- техникалық инфрақұрылымды (интернетке қолжетімділік, компьютерлік сыныптар, бағдарламалық қамтамасыз ету) жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету.

Осылайша, алынған нәтижелер аралас оқыту модельдерін мақсатты және ғылыми негізделген түрде қолдану болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға елеулі үлес қоса алатынын дәлелдейді.

Талқылау. Зерттеудің негізгі нәтижелері аралас оқытудың болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігіне әсерін анықтау мақсатында бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштерін салыстыру арқылы алынған. Зерттеу 146 білім алушының қатысуымен жүргізілді. Теориялық білімді меңгеру деңгейі алдын ала және қорытынды тестілер арқылы бағаланды. Эксперименттік топта аралас оқыту (бейнесабақтар, онлайн тапсырмалар, кері байланыс құралдары) қолданылды, ал бақылау тобы дәстүрлі оқыту әдістерімен оқытылды. Аралас оқыту әдісі университет қауымдастығындағы әлеуметтік коммуникацияны жақсартудың, білім алушылардың ынтасы мен өзін-өзі бағалауын арттырудың, сонымен қатар курс мазмұнын тиімді әрі жылдам жеткізудің тамаша құралы болып табылады.

Ғалымдардың зерттеулерін талдауымыз көрсеткендей:

- қазақстандық ғалымдардың пікірінше, кәсіби құзыреттілік – білім мен тәжірибенің үйлесімі және технологияны біріктіру тұрғысынан, ал аралас оқытуды дәстүрлі және онлайн оқу әдістерінің үйлесімі ретінде сипаттайды;

- ресейлік зерттеушілер оны цифрлық оқыту әдістері мен кәсіби шеберлікті жетілдірумен байланыстырады;

- шетелдік ғалымдар кәсіби құзыреттілікті оқыту процесін жеке басқару, өзіндік білім алу және технологияны қолдану арқылы, аралас оқытуды білім алушылардың қажеттіліктері мен жағдайларына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік береді сипаттайды.

1-кестеден және одан білім беруде аралас оқытуды қолданудың негізгі белгілері, ерекшеліктері және тиімді жақтары айқын көрінеді.

Кесте 1. Аралас оқыту мен кәсіби құзыреттілік ұғымдарының негізгі аспектілерін салыстыру

Критерий	Аралас оқыту	Кәсіби құзыреттілік
Ұғымның анықтамасы	Дәстүрлі оқыту мен онлайн оқытуды біріктіретін білім беру тәсілі.	Мамандардың кәсіби міндеттерін орындауға қажетті білім, дағдылар және тәжірибелер жиынтығы.
Мақсаты	Білім алушылардың оқу үдерісін икемді, жан-жақты және тиімді ету.	Білім алушылар мен мамандардың кәсіби қызметте нәтижелі жұмыс істей алу қабілетін дамыту.
Компоненттері	- дәстүрлі оқыту (физикалық ортадағы сабақтар); - онлайн оқыту (цифрлық платформалар арқылы).	- білу (кәсіби ақпараттар); - жасай алу (тәжірибелік дағдылар); - дегеніне жету (кәсіби мақсаттарға жету).

Артықшылықтары	- уақыт пен орынды бақылау; - білім алушылардың дербес жұмыс істеу дағдыларын дамыту; - көбірек оқу ресурстары.	- шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - жоғары кәсіби деңгейге қол жеткізу; - әр түрлі жағдайларда тиімді әрекет ету.
Кемшіліктері	- техникалық инфрақұрылымның болмауы; - білім алушылардың дербестігі мен құзыреттілігінің төмендігі.	- тәжірибелік дағдылардың жетіспеушілігі; - құзыреттілікті дамытуға қажетті ресурстардың шектеулі болуы.
Технологиялық аспектілері	Цифрлық құралдар мен онлайн платформалар арқылы оқытуды ұйымдастыру.	Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби дағдыларды дамыту (мысалы, кәсіби тренингтер, онлайн курстар).
Оқытушының рөлі	Оқытушы білім алушылардың жеке оқу траекториясын бақылап, оқытуды қолдайды.	Оқытушы білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамыта отырып, мамандыққа қажетті құзыреттілік қалыптастырады.
Білім алушылардың рөлі	Білім алушылар өздігінен жұмыс істеп, оқытушының жетекшілігімен материалды игереді.	Білім алушылар өз кәсіби құзыреттіліктерін дамыту үшін тәжірибе жинақтап, шешімдер қабылдайды.
Психологиялық әсері	Білім алушыларда өзін-өзі ұйымдастыру және дербес оқу дағдыларының дамуы, жеке жауапкершілік сезімі.	Білім алушыларда өзін-өзі бағалау, мақсатқа жету және кәсіби жетістікке жету жолындағы сенімділік қалыптасады.

Біз ғалымдардың еңбектерін зерттей келе, нәтижесінде келесідей тұжырым жасадық: «Аралас оқыту негізінде қалыптасатын кәсіби құзыреттілік – дәстүрлі және онлайн оқыту әдістерін үйлестіру арқылы жаңа ғылыми білімді игеріп, алынған білім, білік және дағдыларды тәжірибеде тиімді қолдану қабілеті.»

Педагогикалық әдістемелердің жаңаруы білім беру саласындағы цифрлық трансформациямен тығыз байланысты. Информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруда аралас оқыту модельдері, соның ішінде төңкерілген сынып пен бекет ротациясы әдістерін қолдану өзекті болып отыр. Сонымен қатар, бұл зерттеу бойынша аталған модельдердің тиімділігін қамтамасыз ететін келесідей педагогикалық шарттарды ұсынамыз:

1. болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту;
2. информатика пәнін оқытудағы аралас оқыту модельдерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету;
3. аралас оқыту модельдерін тиімді енгізу;
4. аралас оқыту модельдерін қолдану тәжірибесі.

1) Болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында информатика мұғалімдеріне қойылатын талаптар айтарлықтай жоғарылады. Олар тек пәндік біліммен шектелмей, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда

жетекші рөл атқаруы тиіс. Сонымен қатар, болашақ информатика мұғаліміне қойылатын негізгі талаптар:

- терең пәндік білім – информатика ғылымының негізгі қағидаларын, алгоритмдік ойлау негіздерін білу;
- оқыту технологияларын меңгеру – инновациялық педагогикалық әдістер мен цифрлық құралдарды қолдана білу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) құзыреттілігі – программалау тілдері, деректер қоры, мультимедиа құралдары сияқты цифрлық ресурстармен жұмыс істеу;
- проблемалық және шығармашылық ойлау қабілеті – оқыту үдерісінде тиімді шешім қабылдау;
- әлеуметтік және педагогикалық икемділік – білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, олармен дұрыс қарым-қатынас орнату;
- үздіксіз кәсіби даму – жаңа технологияларды игеріп, заманауи білім беру үрдістеріне бейімделу.

Сайып келгенде, болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі – олардың білімі мен тәжірибесіне негізделген кешенді құбылыс. Бұл құзыреттілік педагогтің білім алушыларға сапалы білім беруіне, олардың цифрлық дағдыларын дамытуына және ақпараттық қоғамға бейімделуіне ықпал етеді. Сондықтан болашақ информатика мұғалімдері кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, жаңа білім беру технологияларын меңгеруі қажет.

2) *Информатика пәнін оқытуда аралас оқыту модельдерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету.* Аралас оқыту моделі білім алушылардың өздігінен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға, оқыту ресурстарын тиімді пайдалануға және білім беру процесін икемді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Біз зерттеуімізде аралас оқытудың 2 моделін қарастырдық: төңкерілген сынып пен бекет ротациясы. Төңкерілген сынып – білім алушылар сабақ материалын үйде онлайн ресурстар арқылы алдын ала меңгеріп, ал сыныпта алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолданып, талқылайды.

Ерекшеліктері:

- дәрістерді алдын ала көру (бейне сабақтар, электронды материалдар);
- сыныптағы белсенді оқу (пікірталастар, жобалар, практикалық тапсырмалар);
- білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыру;
- мұғалімнің фасилитатор рөлінде болуы (нұсқаушы, бағыт беруші).

Артықшылықтары:

- білім алушыларға оқу қарқынын өз бетінше реттеуге мүмкіндік береді;
- сабақта көбірек практикалық жұмыс жасалады;
- білім алушылардың өзара қарым-қатынасын және бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Ал бекет ротациясы – сынып бірнеше бекетке бөлініп, білім алушылар әр бекетте түрлі тапсырмалар орындайтын оқыту моделі.

Бекеттердің негізгі түрлері:

- онлайн бекет – білім алушылар цифрлық ресурстармен жұмыс істейді;
- мұғаліммен жұмыс бекеті – мұғалім жаңа материалды түсіндіріп, жеке немесе топтық қолдау көрсетеді;
- топтық немесе жеке жұмыс бекеті – білім алушылар тапсырмаларды өз бетімен немесе топ ішінде орындайды.

Артықшылықтары:

- білім алушылар әртүрлі форматтағы тапсырмалар арқылы білімді жан-жақты меңгереді;
- мұғалім әр білім алушыға жеке көңіл бөле алады;
- уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Осы модельдердің информатика пәнін оқытудағы артықшылықтары – Информатика пәнінде төңкерілген сынып және бекет ротациясы модельдерін қолдану білім алушылардың теорияны меңгеруін және практикалық дағдыларды жетілдіруін жеңілдетеді.

Төңкерілген сыныптың пайдасы:

- бағдарламалау тілдерін үйрену кезінде білім алушылар теорияны алдын ала меңгеріп, сабақта код жазуға көбірек уақыт бөледі;
- білім алушылар өз қарқынымен жаңа технологияларды зерттей алады.

Бекет ротациясының пайдасы:

- әр бекетте түрлі практикалық тапсырмалар орындау арқылы білімдерін бекітеді (мысалы, бір бекетте код жазу, бір бекетте алгоритмді талдау, бір бекетте мұғаліммен кері байланыс алу).
- интерактивті оқыту құралдарын (онлайн тесттер, бағдарламалау тренажерлері) тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, төңкерілген сынып пен бекет ротациясы моделдері информатика пәнін оқытудың тиімділігін арттырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын оятады және олардың өзіндік оқу дағдыларын дамытады.

3) *Төңкерілген сынып пен бекет ротациясы моделін тиімді енгізу.* Төңкерілген сынып пен бекет ротациясы моделін тиімді енгізудің негізгі шарттары, интерактивті және цифрлық құралдарды қолдану, мұғалімнің әдістемелік даярлығы және кәсіби дамуы, білім алушылардың өзіндік оқу дағдыларын дамыту, оқытудың нәтижелілігін бағалау тәсілдерін ұсынады.

Төңкерілген сынып және бекет ротациясы моделін бірге сәтті жүзеге асыру үшін келесі педагогикалық шарттарды орындау қажет:

- оқу мазмұнын алдын ала әзірлеу – бейнесабақтар, мультимедиялық материалдар мен интерактивті тапсырмаларды дайындау;
- сабақ құрылымын дұрыс жоспарлау – сыныпта орындалатын белсенді тапсырмаларды ұйымдастыру;
- білім алушылардың алдын ала дайындық деңгейін бақылау – материалды өз бетінше меңгеру барысын тексеру үшін тесттер мен кері байланыс құралдарын пайдалану;
- оқытудың даралануы – әртүрлі оқу деңгейіндегі білім алушылар үшін икемді оқу траекторияларын жасау.

- Білім беру процесінде заманауи цифрлық және интерактивті құралдарды пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі:
- онлайн платформалар – Blended-edu, Moodle, Google Classroom, Microsoft Teams, Kahoot, Quizizz, Edpuzzle және т.б.;
- виртуалды және кеңейтілген шындық (VR, AR) – зертханалық жұмыстар мен күрделі тақырыптарды визуалдау;
- симуляторлар мен модельдеуші бағдарламалар – нақты жағдайларды бейнелейтін практикалық тапсырмалар;
- коллаборативті құралдар – Miro, Padlet, Jamboard сияқты бірлескен жұмыс алаңдары.

Заманауи болашақ информатика мұғалімдеріне білім беру технологияларын тиімді қолдану үшін кәсіби дайындық қажет:

- біліктілікті арттыру курстары – цифрлық педагогика мен аралас оқыту әдістерін меңгеру;
- оқытушылар арасындағы тәжірибе алмасу – шеберлік сыныптары, вебинарлар, әдістемелік бірлестіктер;
- зерттеу және инновациялық әдістерді енгізу – жаңа педагогикалық технологияларды сынақтан өткізу.

Аралас оқыту арқылы білім алушылардың дербес білім алу қабілеттерін жетілдіруі керек:

- уақытты басқару дағдылары – тапсырмаларды өздігінен жоспарлау;
- ақпараттық сауаттылық – сенімді дереккөздерді таңдау және талдау;
- өзіндік рефлексия – оқыту нәтижелерін бағалау және жетілдіру;
- жауапкершілікті арттыру – оқу үдерісіне белсенді қатысуға ынталандыру.

Аралас оқыту моделінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың тиімді әдістері:

- формативті бағалау – білім алушылардың прогресін үнемі қадағалау (онлайн тесттер, мини-сауалнамалар, кері байланыс);
- суммативті бағалау – курстың соңында кешенді емтихандар мен жобалық жұмыстарды орындау;
- портфолио әдісі – білім алушылардың оқу барысында орындаған жұмыстарын жинақтау және талдау;
- өзін-өзі бағалау және өзара бағалау – білім алушылардың рефлексия жасауына және бір-бірінің жұмыстарын бағалауына мүмкіндік беру.

Жоғарыда аталған педагогикалық шарттарды тиімді іске асыру арқылы аралас оқыту моделін сәтті енгізуге және оның нәтижелілігін арттыруға болады.

4) Төңкерілген сынып пен бекет ротациясы модельдерін қолдану тәжірибесі.

Болашақ информатика мұғалімдерін оқытуда осы модельдерді қолдану тәжірибесін қарастыру барысында эксперименттік топ пен бақылау тобының нәтижелерін салыстыру, сонымен қатар білім алушылардың білім сапасы мен кәсіби құзыреттілігінің өзгерістерін бағалау мәселелері көтеріледі. Болашақ информатика мұғалімдерін оқытуда осы модельдерді қолдану тәжірибесі информатика мұғалімдерін дайындауда аралас оқыту моделін қолдану білім

беру үдерісінің тиімділігін арттырады. Бұл модельді қолдану барысында білім алушыларға оқу материалдары дәстүрлі және цифрлық платформалар арқылы ұсынылады.

Тәжірибелік кезеңде білім алушылар екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (аралас оқыту моделін қолданған) және бақылау тобы (дәстүрлі оқыту әдістерімен оқытылған). Эксперименттік топтағы білім алушыларға онлайн ресурстар, бейнесабақтар, интерактивті тапсырмалар мен тесттер ұсынылып, олардың дербес жұмыс жасау мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Бақылау тобындағы білім алушылар дәстүрлі дәрістер мен практикалық сабақтарға қатысумен шектелді.

Эксперименттік топтағы нәтижелер мен бақылау тобының салыстырмалы талдауында эксперимент нәтижелерін бағалау үшін төмендегі критерийлер негізге алынды:

- білім алушылардың теориялық материалды меңгеру деңгейі;
- практикалық тапсырмаларды орындау сапасы;
- оқу процесіне деген ынта мен қызығушылық;
- өзіндік жұмыс жасау қабілеті;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдылары.

Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтағы білім алушылардың оқу жетістіктері бақылау тобына қарағанда жоғары екенін көрсетті. Бұл әсіресе күрделі тақырыптарды меңгеру барысында байқалды. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен іздену дағдылары, ақпараттық технологияларды қолдану қабілеті және кәсіби құзыреттілігі артқаны анықталды.

Білім алушылардың білім сапасы мен кәсіби құзыреттілігінің өзгерісін бағалау

Білім алушылардың білім сапасы арнайы құрастырылған тесттер мен бақылау жұмыстарын орындау нәтижелері арқылы бағаланды. Қорытынды көрсеткіштер мыналарды айқындады:

- эксперименттік топтағы білім алушылардың орташа балы айтарлықтай жоғары болды;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелері бойынша білім алушылардың өздік жұмысқа деген жауапкершілігі артты;
- білім алушылардың IT құралдары мен білім беру платформаларын тиімді қолдану қабілеті жақсарды.

Жалпы, жүргізілген зерттеу болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда аралас оқыту моделінің тиімді екенін растайды. Бұл тәсіл білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және олардың ақпараттық технологияларды терең меңгеруіне ықпал етеді.

Біздің пікірімізше, аралас оқыту модельдері болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруда тиімді әдіс болып табылады. Төңкерілген сынып пен бекет ротациясы әдістерін енгізу үшін нақты педагогикалық шарттарды сақтау қажет. Бұл модельдер білім алушылардың өз бетімен білім алу қабілетін дамытып, олардың цифрлық және педагогикалық құзыреттілігін нығайтуға ықпал етеді.

Қорытынды. Құзыреттілік тек ақпараттық сауаттылықпен шектелмей, сонымен қатар мәселелерді дұрыс шешу қабілетін де қамтиды. Егер болашақ мұғалімнің құзыреттілігін кәсіби білім беру жүйесінің аясында қарастырсақ, онда ол оның білім, тәжірибе және дағдыларының жиынтығы – яғни, педагогикалық қызметке қаншалықты дайын екендігін көрсетеді. Әр кезеңдегі авторлар мен ғылыми еңбектерде мұғалімнің құзыреттілігіне қатысты түрлі көзқарастар айтылған. Олардың пікірінше, құзыреттілік – мұғалімнің міндеттерді орындаудағы икемділік пен шеберлікті меңгеруге деген психологиялық күйі, білімділігі, жалпы мәдени деңгейі және педагогикалық іс-әрекеттегі теориялық-практикалық дайындық пен тәжірибесінің тоғысуы, сондай-ақ оған қажетті әр түрлі салалардың үйлесімі болып табылады. Осыған сәйкес, кәсіби құзыреттілік дегеніміз – мұғалімнің жеке қасиеттері, психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдыларының, тәжірибесінің біртұтас тоғысуы. Болашақ маман өз ісінің шебері, үздік мұғалім болу үшін, өз мамандығына қажетті қабілеттерді меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге жалпы әлемдік мәдениетті, ұлттық мәдениетті, қарым-қатынас және тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеруге ұмтылуы тиіс.

Сайып келгенде, заманауи жағдайда болашақ мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығы пәндік педагогикалық, әлеуметтік құзыреттіліктерге ие болуы тиіс. Сондай ақ, болашақ мұғалімдер кәсіби құзыреттіліктерді жоғары сапада меңгерулері үшін жоғары оқу орнына оқуға түскеннен бастап ұдайы ізденіп, өзін-өзі кәсіби дамытып, өсу мен кемелдену жолына түсуі абзал және талап етілуі керек. Таңдаған мамандығы бойынша ғылыми ізденістер жүргізіп, зерттеу жұмыстарымен шұғылданып, ғылыми ұйымдардың мүшесі болып, әртүрлі семинар мен конференцияларға қатысу арқылы болашақ кәсібіне құзыретті болуға дайындалуы қажет.

Аралас оқыту білім беру процесін жаңғырту және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін кең перспективаларды ашады. Мұндай модельдерді енгізудің педагогикалық жағдайларын дұрыс ұйымдастыру білім беру сапасын арттыруға және ақпараттық қоғам жағдайында тиімді жұмыс істеуге дайын болашақ информатика мұғалімдерін даярлауға ықпал етеді. Демек, аралас оқытуды сәтті қолдану икемді және бейімделгіш білім беру жүйелерін құруға ықпал ете отырып, мұғалімдердің де, білім алушылардың да тереңірек және жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижесі бойынша, болашақ информатика мұғалімдерін аралас оқыту негізіндегі қалыптасатын кәсіби құзыреттілік - төңкерілген сынып және бекет ротациясы модельдерін интеграциялап сабақта қолдану арқылы жаңа ғылыми білім жасау үрдісі барысында жинақталған білімдерін, білігін және де дағдыларын практикада қолдана білу қабілеті деген қорытындыға келдік.

Әдебиеттер

Bervell B., Umar I.N. (2020) Blended learning or face-to-face? Does tutor anxiety prevent the adoption of learning management systems for distance education in Ghana? Open Learning: The Journal of Open, Distance and e-Learning. — Vol. 35, No. 2. — P. 159–177.

So H.J., Brush T.A. (2008) Student perceptions of collaborative learning, social presence and satisfaction in a blended learning environment: relationships and critical factors. *Computers & Education*. — Vol. 51, No. 1. — P. 318–336.

Ustunel H.H., Tokel S.T. (2018) Distributed scaffolding: synergy in technology-enhanced learning environments. *Technology, Knowledge and Learning*. — Vol. 23, No. 1. — P. 129–160.

Zhang Y., Chen T. (2022) Students' choosing willingness on different types of blended courses and its influencing factors. *International Conference on Computer Application and Information Security (ICCAIS 2021)*. — SPIE, 12260. — P. 575 — 584.

Guillén-Gámez F.D., Mayorga-Fernández M., Álvarez-García F.J. (2020) A study on the actual use of digital competence in the practicum of education degree. *Technology, Knowledge and Learning*, 25 (3). — P. 667 — 684.

Ashraf M.A., Mollah S. (2021) The pedagogical applications, prospects, and challenges of blended learning in Chinese higher education: a systematic review. *Frontiers in psychology*. — P. 212.

Әбілқасымов Г., Әлімбаев Е.Д. (2014) Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары. Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. — № 2. — Б. 37–43.

Балганова М.С., Адылбекова Э.Т., Булбул Х.И. (2024) Аралас оқытуда электрондық ресурстарды пайдаланудың мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне әсері. ҚР ҰҒА Хабаршысы. — №3 (409). — Б. 22–37. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.749>

Балганова М.С., Адылбекова Э.Т., Булбул Х.И. Білім беруде аралас оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі. *Bulletin of the Karaganda University Pedagogy series*. – 2025. — Т. 11730. — №. 1. — С. 7-19. <https://doi.org/10.31489/2025ped1/7-19>.

Қадирбаева Р.И., Джанисбаева Г.К. (2020) Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру шарттары. «Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Шымкент: Оңтүстік Полиграфия. — Б. 617.

Кузьмина Н.В. Акмеологическая теория повышения качества подготовки специалистов образования. — М.: Наука, 2004. —210 с.

Құдайбергенова Қ.С. (2008) Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі. Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. — Алматы: ББЖ КБАРИ. — Б. 30–36.

Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Оспанова Б.Ә. Педагогтың кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің мәні мен мазмұны. Білім әлемінде, 2013. — № 3. — Б. 3–5.

Тұрғынбаева Б.А. (2005) Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе, Алматы. — 250 б.

Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. пер. с англ.; под ред. и с предисл. В.А. Звегинцева. — М.: Изд-во Моск. ун-та, 1972. — 180 с.

References

Bervell B., Umar I.N. (2020) Blended learning or face-to-face? Does tutor anxiety prevent the adoption of learning management systems for distance education in Ghana? *Open Learning: The Journal of Open, Distance and e-Learning*. — Vol. 35, No. 2. — P. 159–177.

So H.J., Brush T.A. (2008) Student perceptions of collaborative learning, social presence and satisfaction in a blended learning environment: relationships and critical factors. *Computers & Education*. — Vol. 51, No. 1. — P. 318–336.

Ustunel H.H., Tokel S.T. (2018) Distributed scaffolding: synergy in technology-enhanced learning environments. *Technology, Knowledge and Learning*. — Vol. 23, No. 1. — P. 129–160.

Zhang Y., Chen T. (2022) Students' choosing willingness on different types of blended courses and its influencing factors. *International Conference on Computer Application and Information Security (ICCAIS 2021)*. — SPIE, 12260. — P. 575 — 584.

Guillén-Gámez F.D., Mayorga-Fernández M., Álvarez-García F.J. (2020) A study on the actual use of digital competence in the practicum of education degree. *Technology, Knowledge and Learning*, 25 (3). — P. 667 — 684.

Ashraf M.A., Mollah S. (2021) The pedagogical applications, prospects, and challenges of blended learning in Chinese higher education: a systematic review. *Frontiers in psychology*. — P. 212.

Abylkasymova G., Alimbekov E.D. (2014) Bolashaq käsiptik oqytu pedagogtarynyn käsibi quzyrettiligin qalyptastyru zholdary [Ways of Developing the Professional Competence of Future Vocational Education Teachers]. Qarağandy universitetinin habarshysy. Pedagogika seriyasy [Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series], 2014. — no. 2. — P. 37–43. (in Kazakh).

Balganova M.S., Adylbekova E.T., Bulbul H.I. (2024) Aralas oqytuda elektrondyq resurstardy paidalanudyn mūğalimniñ käsibi quzyrettiligine äseri [The Impact of the Use of Electronic Resources in Blended Learning on the Professional Competence of a Teacher]. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq Gylm Akademiasynyn Khabarshysy – The Bulletin of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 409(3). — P. 22–37. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.749> (in Kazakh).

Balganova M. S., Adylbekova E. T. and Bulbul H. I., (2025) “The effectiveness of using blended learning technology in education,” *Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series*. — Vol. 117, no.30 (1). — P. 7-19. <https://doi.org/10.31489/2025Ped1/7-19> (in Kazakh).

Kadirbaeva R.I., Dzhanisbaeva G.K. (2020) Bolashaq mūğalimniñ käsibi quzyrettiligin qalyptastyru sharttary [Conditions for Developing the Professional Competence of the Future Teacher]. In: «Pedagogikalyq bilim berudiñ zamanaūi trendteri» halyqaralyq gylimi-täjiribelik konferentsiyasynyñ materialdary [Proceedings of the International Scientific and Practical Conference “Modern Trends in Pedagogical Education”]. Shymkent: Öntüstik Poligrafiya. — P. 617 (in Kazakh).

Kuzmina N.V. (2004) Akmeologicheskaya teoriya povysheniya kachestva podgotovki spetsialistov obrazovaniya [Acmeological Theory of Improving the Quality of Training Education Specialists]. Moscow: Nauka. — 210 p. (in Russian).

Qudaibergenova Q.S. (2008) Quzyrlylyq tulga damuynyn sapalyq kriteriji [Competence as a Qualitative Criterion of Personality Development]. In: Bilim sapasyn bagalaudyn mäseleleri: ädisnamalyq negizi jāne praktikalqy nätižhesi: halyqaralyq gylimi-praktikalqy konferentsiya materialdary [Issues of Assessing the Quality of Education: Methodological Basis and Practical Results: Proceedings of the International Scientific and Practical Conference]. Almaty: BBZh KBARI. — P. 30–36. (in Kazakh).

Taubaeva Sh.T., Barsai B.T., Ospanova B.A. (2013) Pedagogtyñ käsibi-didaktikalqy quzyrettiliginiñ mäni men mazmūny [The Essence and Content of the Teacher’s Professional-Didactic Competence]. Bilim äleminde [In the World of Education], 2013, no. — P. 3–5. (in Kazakh).

Turğynbaeva B.A. (2005) Mūğalimderdiñ shyğarmashylyq äleuetin biliktilikti arttyru jaǵdaynda damytu: teoriya jāne täjiribe [Developing Teachers’ Creative Potential in In-Service Training: Theory and Practice]. Almaty. — 250 p. (in Kazakh).

Khomskij N. (1972) Aspekty teorii sintaksisa [Aspects of the Theory of Syntax]. Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta. — 180 p. (in Russian).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.12.2025.

46,0 п.л. Заказ 6.